

КӨЛІК ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫНДА ЖЫЛ САЙЫН ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ. БҮГІНДЕ ЖҮЙЕЛІ ИНТЕГРАЦИЯ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҒЫ ҚЫЗМЕТІН ҮЙЛЕСТІРУ ТАЛАП ЕТІЛІП ОТЫР, ЕҢ АЛДЫМЕН ОНЫ ОРТАҚ СТАНДАРТТАРДЫ, ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ПРОЦЕСТЕРДІ ЦИФРАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ШЕШУ ҚАЖЕТ.



Марат ШАКЕНОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі директоры



№101 (2709)  
07/12/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## ЖЕКЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

2021 жылдың 3 желтоқсанында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да Өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша III форум өтті. Жыл сайынғы дәстүрлі іс-шараның мақсаты – қауіпсіз еңбекті насихаттау, нәтижелі жақсартуға тәжірибемізді алмасу және экологиялық жауапкершілікті арттыру.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Нұр-Сұлтан

«Тұрақты даму – Компания алдында тұрған әлеуметтік және экологиялық сипаттағы сын-қатерлер» атты офлайн және онлайн форматта өткен форум YouTube-те онлайн-трансляция арқылы 1500 адамнан тұратын аудитория жинады.

Форум жұмысына VISION ZERO нәтижелі жақсартуға тәжірибемізді алмасу және экологиялық жауапкершілікті арттыру мақсатымен денсаулығына қауіп төндіретін жұмыстарды тоқтату құқығын 500 рет пайдаланды. Бұл қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтату құқығын пайдалану іс-әрекетінің жұмыс істей бастағандығының нақты белгісі және де ол қауіпсіз еңбек мәдениетін арттыруға бағдарланған біздің бағытымыз», – деді басқарма төрағасы.

Смартфонның көмегімен кез келген қызметкер қауіпсіздік ережелерін бұзу фактісін жазып, апаттың алдын ала алады. Мәселен, биыл теміржолшылармен 5900-ден астам қауіпті іс-қимыл мен 12500 қауіпті жағдай анықталған. Ал бұл фактілердің әрқайсысы болуы ақпараттық жазатайым оқиға немесе жағымсыз жағдай еді. Осының барлығы 100 мыңнан аса қызметкер қолданатын ӨҚ ИЖ мобильді қосымшасы арқылы тіркелген. Форум аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының басшылары қозғалыс қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету бойынша жауапкершілікті қабылдап, жеке міндеттемелеріне қол қойды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік талаптары лауазымына қарамастан барлық деңгейде сақталуы тиіс екенін атап көрсетті. Ол компанияның барлық өңірлердегі басшыларына жеке міндеттемелерге қол қойып, олардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі III форум аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 32 ішкі жағтықтырушысы марапатталды. Олар 51 мыңнан астам жұмыскерді қауіпсіз өндіріс саласындағы дағдылар мен құзыреттерге үйретті. «Қауіпсіздік іс-қимыл диалогы», «Ішкі бақылау», «Оқиғаларды басқару», «ТЖ басқару», «Қоршаған ортаны қорғау» және т.б. бағдарламалар бойынша 95 мыңнан астам сағат онлайн-сабақтар өткізілген.

Кәсіби шеберлігі және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қосқан жеке үлесі үшін ішкі жағтықтырушылар «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен, компанияның басқарма төрағасы Н. Сауранбаевтың грамотасымен және алғыс хатымен, сондай-ақ ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

(Жалғасы 2-3 беттерде)

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ҮНЕМДЕЛГЕН ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛУДА



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ел өңірлерінде тер төгіп жүрген теміржолшылардың еңбек жағдайын жақсартуда ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді.

Мәселен, үстіміздегі жылы 300-ден астам тұрмыстық ғимараттар мен үй-жайлар жөнделіп, желілерге 2000-нан астам тұрмыстық техникалар жеткізілген. Сонымен қатар 8500-ден астам санитарлық-тұрмыстық құрал-жабдықтар сатып алыныпты. Олар осы жылдың соңына дейін ел өңірлеріндегі теміржол мекемелеріне жеткізілетін болады.

Сонымен қатар, қызметкерлерді моральдық көтермелеу бағдарламалары да жетілдірілуде және әлеуметтік пакет те жақсара түсуде. Осы ретте, Компания бұл шараларды жүзеге асыруға қосымша қаражат жұмсамай, оларды үнемделген қаржыдан алып отырғанын айта кеткен жөн. «Үнемдеген ұтады» деген осы және ол үнем игі іске жұмсалып отыр.

Нұрбек БЕКЕН,  
Нұр-Сұлтан

## ЖАСТАРҒА ЖЕҢІЛДІК



Осы жылдың желтоқсан айынан бастап елімізде 16-25 жас аралығындағы жолаушылар Тальго санатындағы коммерциялық пойыздардың «Турист» (2Д) және «Отырғып бару» (2с) вагондарына жол жүру құжаттарын, яғни билеттерін ресімдеу кезінде 25% жеңілдікті пайдалана алады.



Ол үшін Қазақстан ішінде жеңілдікпен жол жүруге мүмкіндік беретін «Жастар» электрондық дисконт бағдарламасын пайдалану қажет. «Жастар» картасын «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның билет кассаларында ресімдеуге болады. Жеңілдік беретін карта құны – 3000 теңге. Жарамдылық мерзімі – картаны іске қосқан сәттен бастап 1 жыл. Жас жолаушыларға BILET.RAILWAYS.KZ сайтынан және оның мобильді қосымшасы мен барлық билет кассаларынан теміржол билеттерін сатып алу кезінде «Жастар» картасын пайдалануға болады. Бұл әрине бір жыл ішінде пойызбен түрлі бағытта жиі қатынайтын жасөспірімдер мен жас мамандар, студенттер үшін тиімді болары сөзсіз.

Еске сала кетейік, былтыр ұлттық компания мүгедек жандарға арналған «Мейірім» картасын шығарып, сол топқа жататын жолаушылар әлеуметтік маңызды бағдардағы пойыздарға 50 пайыз жеңілдікпен билет алуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар бұған дейін «Ардагер», «Қамқор», «Құрмет», «Ардақты ана» жеңілдікті дисконт карталары да іске қосылғаны белгілі. Алайда олардың бірқатары қазір тоқтатылған. Сонымен қатар «Тальго» пойыздарына арналған «Саяхатшы» картасы тегін беріледі және екі жылға жарамды.

Ұлан ОРАЗ, Нұр-Сұлтан

## Сервис

### СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ИНИЦИАТИВЫ

Специалисты Научно-исследовательского института транспорта и коммуникаций (НИИ ТК) по заказу Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» проанализировали состояние рынка грузовых железнодорожных перевозок и сформулировали семь стратегических инициатив для сокращения транспортных издержек и сбалансированного развития отрасли.

Алуа ТЛЕУБАЙ,  
Нұр-Сұлтан

Как отметил председатель научно-экспертного совета НИИ ТК Эдуард Каплан, проектная команда в текущем году провела комплексное исследование железнодорожного транспорта Казахстана и на основе этого анализа разработала эффективные модели организации перевозочного процесса. Исследователи предлагают проводить изменения на двух уровнях – технологическом и регуляторном.

– Ситуационные локальные решения проблемных вопросов не приносят желаемых результатов. Мы видим проблемы «брошенных» поездов, простоев, недостаточного качественного обслуживания грузовладельцев, потери экспортеров. Когда мы пытаемся пожарным путем решить те или иные проблемы, попадаем в тупиковую ситуацию. Накопившиеся проблемы носят глубокий системный характер, решать их нужно комплексно и системно, – заявил Эдуард Каплан.

По его словам, нет особого смысла увеличивать техническую скорость, когда вагон только 20% времени своего оборота находится непосредственно в движении. – Надо решать фундаментальные вопросы: совершенствование системы госрегулирования транспортной деятельности, внесение изменений в нормативно-правовую базу, внедрение инновационных логистических технологий, развитие транспортной инфраструктуры, науки и обучения, – говорит Эдуард Каплан.

Первым шагом к повышению эффективности железнодорожного транспорта, как считают в НИИ ТК, должно стать усиление роли государства в качестве стратегического консультанта.

По мнению авторов исследования, в зону ответственности органов власти следует включить долгосрочное планирование, прогнозирование, анализ ситуации и подготовку рекомендаций участникам рынка. Для этого институт предлагает создать специальный информационно-аналитический центр (например, при МИИР РК), который возьмет на себя ежемесячную подготовку аналитических отчетов о состоянии транспортного рынка в Казахстане и подготовку регулярных прогнозов по перспективным сценариям развития.

Как заявил Эдуард Каплан, в рамках государственной транспортной стратегии важно делать акцент не только на усиление транзитного потенциала страны, но и на развитие экспорта и импорта, совершенствование внутренней логистики, снижение транспортных издержек. Специалисты считают, что на республиканском уровне важно утвердить методические указания по расчету потребности и регулированию наличия грузовых вагонов в Казахстане. Они нужны, чтобы избежать резких колебаний цен на рынке подвижного состава, отмеченных в последние годы.

Исследовательской группой предложено проводить ежегодные стратегические сессии на площадке Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен», на которых государственные органы, железнодорожные администрации, грузовладельцы, транспортно-логистические компании и другие участники перевозочного процесса делились бы своими планами развития для выработки общих стратегических ориентиров.

Для развития транспортной отрасли Казахстану также не обойтись без развития инфраструктуры, технологий и модернизации подвижного состава. – Для инфраструктуры важна эффективность использования вагонного парка. В этой части мы говорим об ускорении оборота, снижении простоев как под грузовыми операциями, так и на технологических станциях, – говорит президент Национального исследовательского центра перевозок и инфраструктуры Павел Иванкин.

В НИИ ТК пришли к выводу, что основной резерв повышения эффективности использования вагонного парка – снижение простоев вагонов. Также важны увеличение скорости движения и оптимизация порожнего пробега (обратная загрузка).

Оборот вагонов можно улучшать двумя способами. Первый – гармонизированное развитие инфраструктуры промышленных предприятий и станций примыкания, второй – внедрение инновационных логистических технологий.

По мнению экспертов института, в настоящее время требуется как строительство новых магистральных путей и их модернизация, так и развитие транспортных узлов, включающих инфраструктуру промышленных предприятий и станций примыкания общего пользования.

О необходимости модернизации инфраструктуры грузоотправителей/грузополучателей вместе с развитием инфраструктуры железной дороги заявил заместитель генерального директора ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов.

– За 2021 год рост контейнерных перевозок составил порядка 46%. Мир меняется, меняются требования, условия погрузки и выгрузки. Территория услуг «последняя миля» тоже требует своего развития и изменений, – подчеркнул он.

Ерлан ТУЛЕНДИЕВ,  
руководитель филиала  
«KTZ Express – Южный»



ПРОЕКТ ПО СБОРНОЙ ПЕРЕВОЗКЕ В КОНТЕЙНЕРАХ ПРЕДЛАГАЕТ ЭКСПОРТЕРАМ КАЗАХСТАНА СТАБИЛЬНЫЙ И РЕГУЛЯРНЫЙ СЕРВИС ПО ДОСТАВКЕ ТОВАРОВ В КНР ПО КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫМ ЦЕНАМ. СРЕДИ ДРУГИХ ПРЕИМУЩЕСТВ – НАДЕЖНАЯ ЗАЩИТА ГРУЗОВ ОТ ВОЗДЕЙСТВИЯ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ, УПРОЩЕНИЕ ПОГРУЗОЧНО-РАЗГРУЗОЧНЫХ РАБОТ НА ПУНКТАХ ПЕРЕГРУЗКИ

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

АҚТАУ ПОРТЫ АРҚЫЛЫ КОНТЕЙНЕР АҒЫНЫН 2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЖЫЛЫНА

100 мың доз

-ГЕ ДЕЙІН АРТТЫРУ КӨЗДЕЛУДЕ

БИЫЛ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА

7,4 мың

КОНТЕЙНЕР ТАСЫМАЛДАНДЫ

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ҚАЗАҚСТАН, РЕСЕЙ ЖӘНЕ БЕЛАРУСЬ ТЕМІРЖОЛДАРЫ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҒЫ СЕРВИСТЕРІ АРҚЫЛЫ

6 мың

ПОЙЫЗ ЖҮРІП ӨТТІ.



## ӘТЖК – 100 жыл

### ҒАСЫР ЖҮГІН КӨТЕРГЕН КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ

**Ұлан ОРАЗ,**  
Нұр-Сұлтан

Сала қауіпсіздігін бір ғасыр бойы қамтамасыз етіп келе жатқан Әскерилендірілген теміржол күзеті қызметіне биыл – бір ғасыр. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында елордада өткен «ӘТЖК» ЖШС-нің жүз жылдық мерейтойына арналған шарада саланың бүгінгі және кешегі буыны бас қосты.



Тарихқа көз салсақ, сонау 1921 жылы 9 желтоқсанда Бүкіресеілік Орталық атқарушы комитет Қаулысымен жол қатынастарының ведомстволық күзет қызметінің негізі қаланған екен. Станциялар мен теміржол парктеріндегі, қоймалардағы және жолда келе жатқан пойыздардағы жүктердің қауіпсіздігі мен сақталуы, темір жол көлігінің инженерлік құрылымдарының күзеті жаңа саланың міндеті болып белгіленеді. Міне, содан бері жүз жыл сол міндетті абыроймен атқарып келе жатқан күзет қызметін талай тар жол, тайғақ кешуді бастан кешіп, теміржол көлігімен қоса дамып келеді.

– Әскерилендірілген темір жол күзетінің қалыптасып, дамуына атсалысқан алдыңғы аға буының ерлік істері бүгінгі ұрпаққа жеткен. Тіпті бұл салада әскери күзетшілер қызметі ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, бірнеше буын алмасқан әулеттері де қалыптасты. Теміржолдың қырағы күзетінде адал еңбекпен абыройлы қызмет етіп, өз міндеттерін мінсіз атқарып жүрген олардың бірқатары бүгін арнайы марапаттарға ие болады. Бүгінгі таңда біздің филиалда «Үздік күзетші» белгісі иеленген 48 күзетші жұмыс істейді. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш пен абырой, – деді мерекелік жиында сөз алған «ӘТЖК» ЖШС Ақмола филиалының директоры Жанболат Күнқенов.

Салтанатты шарада саланың жүз жылдық тарихынан сыр шертетін арнайы бейнеролик көпшілік назарына ұсынылды. Күзет қызметінің қырағы сарбаздары «Алғыс хатпен», Құрмет грамотасымен, «Үздік күзетші» белгісімен және «ӘТЖК-100 жыл» арнайы төсбелгісімен марапатталып, ардагерлер естелік айтты. Олардың қатарында өмірінің 43 жылын осы салаға арнаған ардагер Нұрлан Ыбыраев, Құрметті теміржолшы, кәсіподақ қызметін жандандырып жүрген зейнеткер Надежда Горбылева, атқыштар командасының ардагері Шаймерден Бекбатыров күзет қызметінің даму кезеңдері туралы тамаша естеліктерімен бөлісті. Темір жол көлігінде құқық бұзушылықтың алдын алуға және ішкі істер органдарымен белсенді іс-қимыл жасауға қосқан үлесі үшін ҚР ІІМ Алғыс хатымен «ӘТЖК» ЖШС Ақмола филиалы директорының орынбасары, әскерилендірілген күзетші ұйымдастыру бөлімінің бастығы Андрей Мериня, Көкшетау станциясындағы атқыштар командасының бастығы Ерлан Әлмұхамбетов, күзет қызметіндегі табысты еңбегі үшін Күзет ұйымдары қауымдастығының грамотасымен Ербол Бекхожин марапатталды. Бұдан басқа 50-ден аса қызметкер серіктестік қызметін сапалы ету, міндеттерді жүзеге асыру жолында атқарған ерен еңбектері үшін Алғыс хаттарға ие болып, «ӘТЖК-100 жыл» төсбелгісін тақты. Ал «Үздік күзетші» белгісі Нұр-Сұлтан станциясындағы атқыштар командасының күзетшісі Мұрат Омаровқа, Қыркышты станциясындағы атқыштар тобының күзетшісі Қайырбек Диханбаевқа берілді.

*Суретті түсірген автор*

## СҰҚ ҚОЛДАР КӨБЕЙГЕН

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау



Өкінішке орай, соңғы кезде теміржол мүлкіне қол сұғыштар көбейіп барады. Оңай олжаға кенелмек болғандар қатарында жасөспірімдер қылмысы артқаны теміржолшыларды алаңдатып отыр...

Өткен жылы Маңғыстау жол дистанциясы аумағында үш ұрлық болса, биылғы қарашаның өзінде бес факті тіркеліпті. Пайдакүнемдер енді теміржолшылардың киіміне де ауыз салған. 30 қараша күні күзетпелі қоймадан он дана қыстық күрте ұшты-күйлі жоқ болған. Бұған дейін жолға шыққан малмен алысқан жолшылар енді өздеріне тағы бір жаңа міндет жүктеп отыр, олар бұдан былай ізкесушілікті қосымша кәсіп етпеске амалымыз жоқ дейді.

– Маңғыстау жол дистанциясы бойынша биыл 11 айда алты ұрлық тіркелді. Соның бесеуі қарашада. Келтірілген шығын – 484 мың теңге. Қарашаның 17 және 19 күндері араға күн салып екі бірдей ұрлық болғандықтан, дәнненен құныққан жаман деген, тағы келеріне сенімді болып тұзақ құрып, үшінші рет ұрлық үстінде ұстадық. Көліктерін тексергенде біздің біраз бұйым шықты. Металлоломға тапсырмақ екен. Тапсыратын жеріне барып, ол жерден де бірталай мүлкімізді қайтарып алдық. Осы әрекетті істеп жүрген жаңаөзендік тоғызыншы сыныпта оқитын төрт оқушы екен. Әрі қарай олардың ісімен желілік полиция бөлімшесі айналысады. Бұл – Өзен мен Жетібай станциялары арасында болған оқиға, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші инженері Мұхтар Кульчанбаев.

Дистанция қызметкерлері желілік полиция өкілдерімен бірлесіп тұрғындармен, мектеп оқушыларымен түсінік жұмыстарын жүргізуде.

## Форум

Тұрақты даму үш негізгі – экологиялық қауіпсіздік, әлеуметтік жауапкершілік және экономикалық әл-ауқат бағытын қамтиды. Осы ретте, «ҚТЖ» ҰК» АҚ республикамыздың көлік саласының көшбасшысы бола отырып, жоғары өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар елдің дамуы мен өркендеуіне, оның азаматтарының өмір сүру сапасы мен жағдайларын жақсартуға үлес қосуға ұмтылуда.

## БАСЫМ БАҒЫТ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Ұлттық компанияның Тұрақты даму саласындағы стратегиялық ұстанымы – БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу. Өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша өткен кешегі форумда «Компанияның өндірістік қауіпсіздік саласындағы тұрақты дамуы» туралы сөз алған Компания бас инженері Батыр Котырев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы 17 мақсатына бейілділігі экологиялық қауіпсіздік, әлеуметтік көрсеткіштеріне келер болашақ, қазіргі уақытта экологиялық әсер ету деңгейі төмендеудің тұрақты динамикасымен сипатталып отыр. Және ол теміржол көлігінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға бағытталған жыл сайынғы кешенді техникалық табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру есебінен қамтамасыз етілуде. Мәселен, есепті кезеңде қоршаған ортаға зиянды заттардың эмиссиясы 5,5 мың тоннаға төмендеді. Компанияның «Экологиялық әсер ету деңгейі» көрсеткіші есепті тоқсанда 0,639 құрап, 2021 жылға арналған нысаналы мәнінен – 0,640-тан төмендеп, жақсара түсті. Осылайша, айыппұлдар мен нормативтен тыс төлемдерге жол берілген жоқ», – деді Батыр Котырев.

**ПАРИЖ КЕЛІСІМДІ ТАЛАБЫ АЯСЫНДА**  
БҰҰ мақсаттарының критерілеріне сәйкес Компанияның қоршаған ортаға әсеріне жүргізілген бағалау, Компанияның негізгі экологиялық аспектілері – парниктік газдар немесе СО2 шығарындары екенін көрсетуде. Ал оларды басқару бағытында қандай жұмыс жүргізіліп жатыр? «Париж келісімінің талаптарын іске асыру шеңберінде көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бүкіл әлемде өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасы ТМД елдері арасында бірінші болып осы Келісімді 2016 жылғы 6 желтоқсанда ратификациялады және декарбонизацияланған (көміртегісіздендіру) экономиканы дамытуға өзінің бейілділігін дәйекті түрде көрсетуде. ҚР Президенті Климат жөніндегі Париж келісімі

қабылдануының бес жылдығына арналған климаттық амбициялар жөніндегі саммитте: «Біз 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуге міндеттенеміз. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан эмиссияларды қысқарту және экономикамызды декарбонизациялау бойынша өршіл ұзақ мерзімді стратегияны әзірлейді және қабылдайды» деген болатын. Өз кезегінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Париж келісімін орындау шеңберінде 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізудің жақтаушысы екенін көрсетеді және қазіргі уақытта Компанияны терең декарбонизациялау тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде», – дейді Компания бас инженері Келесек күннің жоспарымен бөлісіп.



2020 жылы бұл көрсеткіш 1 млн 888 тоннаға дейін азайды», – дейді Батыр Қуанышұлы.

Компания бойынша шығарындарды азайту энергия жинақтау іс-шараларын жүргізу нәтижесінде қамтамасыз етілуде екен. Сондай-ақ, ел теміржолында

белсенді қолданумен сипатталып отыр. Әлбетте, көрсетілген жобаларды іске асыру едәуір дәрежеде мемлекеттік қаржыландыру мүмкіндігіне байланысты болмақ.

Батыр Котырев, тартымдық емес қажеттіліктерде (қазандық, қазан) төмен көміртекті дамыту бойынша да үш сценарий ұсынады. Біріншісі, көмірмен және дизель отынмен жұмыс істейтін қазандықтарды газға ауыстыру болса, екіншісі, көмірмен жанатын қазандықтарды жетілдіре отырып, ұзақ жанатын қазандықтарды пайдалану есебінен ауаны ластаушы заттарды 8,1 мың тонна СО2 дейін азайту. Үшінші сценарий электромобильдерді, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері үшін жанартылатын энергия көздерін белсенді пайдалануды, автокөліктерде сутегіні қолдануды көздейді. Енді бұл әлемде технологиялардың қарқынды дамуына байланысты болмақ. «Сұйытылған табиғи газды, газомоторлы отынды пайдалану, әрине, бүгінгі күні анағұрлым пысықталған мәселе. Сұйытылған табиғи газды мотор отаны ретінде локомотивке енгізу және қолдану үшін бір локомотивте пилоттық жобаны сынақтан өткізбекпіз. Бұл зерттеу жұмысын 2024 жылдың соңына дейін өткізуді жоспарлап отырмыз», – дейді бас инженер.

пайдаланып жүрген «Evolution» сериялы тепловоздар ескі үлгілері тепловоздармен салыстырғанда ластаушы заттардың шығарылуын 2,2 есе азайтуға мүмкіндік беруде.

**ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУ СЦЕНАРИЙЛЕРІ**  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері компанияның 2030 және 2060 жылдарға дейін декарбонизациялаудың бірнеше сценарийін ұсынады. Біріншісі, Компанияның ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға инвестициялық мүмкіндігі шектелуі екенін ескере отырып, локомотив паркін жаңарту есебінен 351,9 мың тоннаға дейін СО2-ні аз да болса төмендетуге болатынын айтады. Ал екінші оптимистік сценарий – Достық-Мойынты телімін электрлендіріп, сұйытылған табиғи газ отынына өткен 77 локомотивті өндіріске енгізе отырып, мұнымен қоса локомотив паркін жаңарту есебінен СО2-ні 519 мың тоннаға дейін төмендетуге қол жеткізу жоспарына құрылған. Үшіншісі, терең декарбонизациялау. Бұл сценарий аккумуляторлық локомотивтерді, ал кейіннен сутекті



### ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТАР ҮЛЕСІ АЗАЮДА

Теміржол көлігінен қоршаған ортаны ластайтын заттардың шығарылуы тұрақты төмендеу үрдісіне ие болып отыр. Нақты деректерге жүргінсек, Қазақстан Республикасының парниктік газдардың ұлттық кадастрына сәйкес, 1990-2018 жылдар аралығында теміржол көлігінен шығарылған зиянды заттардың үлесі 24,3%-дан 6,2%-ға дейін төмендеген.

Батыр Котырев, компания бойынша шығарылатын барлық парниктік газдар жиынтығының, яғни көміртегі ізінің төмендегенін айтады. Ұйымның көміртегі ізі тікелей және жанама шығарындарды қамтиды. Әдетте, парниктік газдардың тікелей шығарындары жылыжайлар, көздерді (тепловоздар, дрезиналар, Автомобильдер) және тұрақты тұтынушыларды (қазандарды, қазандықтарды, пештерді) пайдалану процесінде жүзеге асырылады.

«2013 жылдан бастап компанияның өндірістік қызметінен көміртегі ізі 10% төмендеді. Егер 2013 жылы СО2 тікелей шығарындары 2 млн 079 мың тоннаны құраса,

## ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫН ЖЕТКІЗУДЕ КІДІРІС ЖОҚ



Бүгінгі таңда Семей ЖТ бөлімшесіндегі бірқатар жүк станцияларының қызметтік функциясына кіретін негізгі басымдықтардың бірі жол және құрылыс материалдарының тасымалы болып отыр.



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Бұл орайда аймақтағы ірі өндірістік орталықтарда орын тепкен Жаңа-Семей, Суықбұлақ, Жаңғызтөбе және Аягөз станцияларындағы жүк айналымына қатысты көрсеткіштер ұдайы назарда ұсталады. Баса айта кетер бір жайт, еліміздегі карантиндік шектеулерге қарамастан ағымдағы жылдың өткен 10 айында құрылыс материалдарының тасымалы бәсеңдеген жоқ. Яғни, күллі республика бойынша орман өнімдерін тиеу мен жеткізуде шығыстық теміржолшылар алдыңғы орыннан түскен жоқ. Әсіресе Ресейдің «Батыс Алтай»



бөлімшесімен аралықта орын тепкен Локоть станциясында қарбалас көп. Шекаралық аймақта орналасқан Ауыл мен Локоть станцияларында пойыздарды қабылдау мен өткізу күн тақырыбынан түспей тұр.

Сол тәрізді мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында халықаралық маңызға ие Қалбатау-Майқашағай күре жолының күрделі жөндеуден өтуі де құрылыс материалдарының тасымалына қарқын беруде. Бұл ретте Жаңғызтөбе станциясына «Қазавтожол» АҚ тапсырысы бойынша қиыршық тас, құм, дизельді отын мен битум тәрізді бірқатар құрылыс заттары үзіліссіз жеткізілуде. Биылғы көрсеткіш жоспардан артып отыр.

– Бүгінгі күні жүк көлемі күрт артуы себепті жоспарлы шараларды әр ай сайын жаңартуға мәжбүрміз. Мәселен, өткен жылдың есепті мерзімімен алғанда жүк айналымы екі есеге дейін өсті. Қазіргі таңда айына ең кемі 1 500 вагон жүк жөнелтіп жатырмыз, – дейді жаңғызтөбелік теміржолшылар.

Құрылыс материалдарын тиеу бойынша 3-класты Суықбұлақ станциясы барлық көрсеткіштерді орындауда. Мұнда қазіргі күні тәулігіне 85-90 вагонға дейін әктас пен қиыршық тас тиеліп жөнелтіледі екен. Сол тәрізді 1-класты Жаңа-Семей жүк станциясынан темірбетонды өнімдер мен «Силикат» ЖШС-ның кірпіш өнімдері мен цемент тиеу де артқан. Мәселен, цемент жөнелтуде техникалық жоспар өсіп, 109,1 пайызға жетіп отыр. Бұған еліміздегі тұрғын үй құрылысының қарқын алып, материалдар бағасының көтерілуі де себеп.

Қорыта айтқанда, Семей теміржолы бойынша құрылыс материалдарының тасымалы Қаражыра көміріннен кейін екінші орында. Жыл басында жергілікті теміржолшылар толық көлемі 12,0 млн тоннаның үстінде жүк тасымалдауды жоспарлаған болатын. Оның ішінде, әлбетте, тұрғын үй және жол құрылысына арналған материалдар үлесі мен көмір тасымалының көлемі және астық өнімдері мол болмақ. Осы орайда өндіріске жұмсалатын шығын мен кіріс көлемі бойынша көрсеткіштер қазіргі күні нәтижелі түрде орындалуда. Соңғы бір айдың ішінде жоспар толық орындалуы тиіс.

Ал, жыл бойынша атқарылуы тиіс жоспарға сүйенсек, биыл жүк айналымын 7418 млн ткм неттоға жеткізу – шығыстағы теміржолшылар үшін басты меже. Шығыстағы теміржолшылар ел тәуелсіздігін толайым табыспен қарсы аламыз деген сенімде.

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*



Форум



БЕЗОПАСНОСТЬ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ

Вопросы развития культуры безопасности в АО «НК «КТЖ», продвижения Концепции нулевого травматизма Vision Zero и создания БЛАГОприятных условий труда обсудили в ходе III Ежегодного форума по производственной безопасности и охраны окружающей среды в Нур-Султане.

Любовь РОВБА,  
Нур-Султан

Открывая мероприятие, объединившее в офлайн- и онлайн-форматах более 1 500 участников из Казахстана, России и стран Европы, председатель правления АО «НК «КТЖ» Нурлан Сауранбаев отметил, что требования охраны труда и производственной безопасности должны соблюдаться на всех уровнях, независимо от должности.

Согласился с ним президент Международного фонда предотвращения профессиональных рисков, мировой посол Концепции нулевого травматизма Vision Zero Ханс-Хорст Конколески, который в своем выступлении рассказал о базовых принципах управления охраной труда и безопасностью на рабочем месте.

Стратегия Vision Zero представляет собой новое мышление, общее для всей компании и основанное на том, что инциденты, аварии, случаи травматизма можно предотвратить. Традиционно мы фокусировались на здоровье работников, однако анализ статистики происшествий показал, что не менее важно «ментальное здоровье» человека, – сообщил он.

К настоящему моменту мировую концепцию нулевого травматизма в Казахстане поддержали 385 компаний.

Чтобы адаптировать наши принципы на любом предприятии, мы определили семь золотых правил Vision Zero. Первое, и очень значимое из них, – о лидерстве и демонстрации ответственного отношения и приверженности принципам Vision Zero со стороны топ-менеджмента компании, – подчеркнул Ханс-Хорст Конколески. Мы считаем, что руководство играет важную роль в продвижении вопросов безопасности в коллективе. Устойчивый бизнес-успех зависит от здоровья и мотивации рабочей силы, и нужно понимать, что благополучие сотрудников – обязанность менеджера.

**На БЛАГО работников**  
Более подробно о мероприятиях, направленных на создание БЛАГОприятных условий труда в АО «НК «КТЖ», рассказал заместитель председателя правления по кадровым вопросам Серик Кеулимаев.



– В компании постоянно совершенствуются программы морального поощрения и улучшается социальный пакет. В 2021 году нам удалось увеличить периодичность оздоровления работников и пенсионеров в санаториях Казахстана, обеспечить добровольной медицинской страховкой всех сотрудников компании и увеличить размер премии к отраслевым наградам почти в два раза, – сообщил он. – Зарботная плата производственного персонала дважды повышалась на 10%, что обеспечило рост среднемесячной заработной платы на

санитарно-бытового инвентаря, – проинформировал он. – Мы не останавливаемся на достигнутом и сохраняем вектор создания БЛАГОприятных условий труда.

**К НУЛЕВОМУ ТРАВМАТИЗМУ**  
Одной из ключевых задач предстоящего года в КТЖ определено развитие культуры безопасности через призму совершенствования корпоративной культуры. Текущую ситуацию по компании в своем докладе представил директор департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «КТЖ» Асхат Сариев.

К НАСТОЯЩЕМУ МОМЕНТУ МИРОВОЮ КОНЦЕПЦИЮ НУЛЕВОГО ТРАВМАТИЗМА В КАЗАХСТАНЕ ПОДДЕРЖАЛИ 385 КОМПАНИЙ.

20% по сравнению с прошлым годом. В следующем году планируется повышение зарплаты как минимум на 5%.

Кроме того, осуществляется ежеквартальное премирование производственного персонала по принципу отраслевого соревнования. Продолжается тиражирование подхода премирования по КТУ. В 2021 году этим видом премии охвачено уже более 27 000 работников. Стартовал проект корпоративной системы мотивации, направленной на повышение эффективности процессов.

